

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_  
№\_\_\_ бұйрығына 50-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2011 жылғы «29» желтоқсандағы  
№ 543 бұйрығына 50-қосымша

**Балалар көркемөнер мектептері және балалар өнер мектептерінің  
бейіндік сынып пәндері бойынша  
білім беру бағдарламасы**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Балалар көркемөнер мектептері және балалар өнер мектептерінің бейіндік сынып пәндері бойынша білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) бейіндік сынып пәндеріне оқытудың мақсатын, оқыту нәтижелерін және мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешенін анықтайды.

2. Осы Бағдарламада келесі түсініктер қолданылады:

1) басты түйісу нүктесі – суреттің жазықтығына перпендикуляр (қарама-қарсы) жатқан барлық тік сызықтар түйісетін, көкжиек сызығындағы нүктені білдіретін термин;

2) бейнелеу өнеріндегі көкжиек, көкжиек сызығы – сурет салушының көз деңгейін білдіретін шартты тік сызық;

3) бейнелеу өнеріндегі бүрмелеу – киімдердегі және маталардағы қатпарлардың орналасуын және жалпы сипатын білдіретін термин;

4) бейнелеу өнеріндегі жанр – жалпы ортақ тақырыптарды сипаттайтын термин;

5) графика – бейнелеу өнерінің бұқаралық түрі, оның сипаттық ерекшелігі суреттің бір сарында орындалуы, ығни сызықтармен немесе сәуле мен көлеңкенің үйлесімімен орындалуы болып табылады;

6) интерьер – ішкі архитектуралық формаларды бейнелеуге арналған бейнелеу өнерінің жанры;

7) кереғарлық – екі өлшемнің қарама-қайшылығы: өлшемі, қимылы;

8) композиция – суретшінің ойын мейлінше түсінікті және әсерлі ететін көркемдік шығарманың мақсатты құрылымы;

9) модель – суретшіге натураның қызметін атқарған жанды және жансыз объектілер;

10) модельдеу – сәуле мен көлеңкенің үйлесімділік градациясы арқылы заттар әлемінің көлемді-пластикалық және кеңістіктік қасиеттерін жеткізу;

11) натура — суретін модель ретінде қарап отырып бейнелейтін өмірдегі жанды және жансыз заттар;

12) натурщик – жұмыс кезінде суретшінің алдында бір қалыпта қозғалмай тұратын адам;

13) натюрморт – суретшінің композициямен құрған заттардың тобы және оларды суретте бейнелеуі;

14) нобай – есте сақтауы бойынша немесе натураға қарап жүйрік және жылдам орындалған графикалық, кескіндемелік немесе мүсіндік бейне;

15) өнер – көркемдік кескіндемелік, графикалық немесе мүсіндік бейнелердегі шынайылықтың шығармашылық көрінісі;

16) пейзаж – табиғатты суреттеуге арналған бейнелеу өнерінің жанры;

17) портрет – белгілі, нақты адамды бейнелеуге арналған бейнелеу өнерінің жанры;

18) пропорции – тұтастықтың белгілі сипатына сәйкес келетін зат формаларының, бөліктерінің көлемінің қатынасы;

19) ракурс – перспективадағы заттың немесе адамның жеке бөліктерінің қысқаруы бірден байқалатын бейне;

20) ритм – тұтас шығарманың қалыпты, заңдылықты құрылуына алып келетін элементтердің алмасуы, өлшемділігі;

21) сурет технологиясындағы бекіту (фиксация, белгілеу) – суретті сақтау мақсатында қағаздың бетін арнайы өңдеуді білдіретін термин;

22) суреттеме – мейлінше маңызды жұмыс немесе жаттығу үшін материал жинау мақсатында натураға қарап орындалатын сурет;

23) түпнұсқа – автордың өзі ойлап тапқан және орындаған көркем шығарма;

24) штрих – қолдың бір қимылымен орындалатын және көлемді жеткізуге арналған сызық;

25) эскиз – мейлінше ірі жұмысқа дайындықтың нобайы болып табылатын көмекші сипатындағы көркемдік шығарма.

3. Бағдарламаның мақсаты: көркемдік білім алуға, білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, оларды бейнелеу өнері саласында кәсіби білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орындарына оқуға түсуге дайындауға жағдай жасау.

4. Бағдарламаның міндеттері:

Оқыту:

1) бейнелеу сауатының негіздерін терең және мақсатты оқыту;

2) сурет техникасын, сурет салу тәртібін, заттар мен кеңістікті бейнелеу дағдыларын игеру;

3) майлы кескіндеме техникасын меңгеру;

- 4) өндірістік графика негіздерін меңгеру;
- 5) компьютерлік графика және дизайн негіздерін үйрену;
- 6) функционалдық сауаттылықтың қажетті деңгейіне қол жеткізу.

Дамыту:

- 1) бейнелеу өнерінің құралдары арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- 2) шығармашылық елесті, кеңістіктік ойлауды, эстетикалық сезімін және әсемділікті түсінуін дамыту;
- 3) көркемдік талғам мен бағалау өлшемдерін рухани-адмгершілік және эстетикалық идеалдар мәнмәтінінде қалыптастыру;
- 4) мектеп ортасын эстетикалық ұйымдастыру және безендіру үшін әр түрлі көркемдік материалдармен және құралдармен практикалық жұмыстың негізгі мәдениетін меңгеру;
- 5) білім алушылардың танымдық қызметін ынталандыру.

Тәрбиелік:

- 1) көркемдік мәдениетке араластыру;
  - 2) кәсіби өзін өзі анықтауы;
  - 3) араласудың әлеуметтік ортасын құру;
  - 4) ел мәдениетінің тарихына құрметті тәрбиелеу.
5. Бағдарламаны меңгеру мерзімі – бір жыл. «Сурет», «Кескіндеме», «Композиция», «Компьютерлік графика» пәндері бойынша апталық оқыту уақытының көлемі осы бұйырықтың 2-қосымшасында көрсетілген балалар көркемөнер мектебінің үлгілік оқу жоспарына сәйкес анықталады.
6. Оқыту топтық формада іске асырылады. Топтағы білім алушылардың сандық құрамы –8 адамнан кем емес және 15 адамнан артық емес.

## **2-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру, оқытудың тәсілдері мен әдістері**

7. Оқу пәнінің мақсаты тұлғалық, танымдық, коммуникативтік және әлеуметтік дамытудың негізгі міндеттер жүйесі арқылы іске асырылады. Оқытудың мазмұны оқу процесінде қалыптасатын іс-әрекет тәсілдерімен, көркемдік шығармашылықпен араласу формаларымен байланыста іске асырылады.

8. Бағдарламаның ерекшелігі білім алушылардың бейнелеу, көркемдік-құрастыру қабілеттерін, ерекше ойлауын, шығармашылық даралығын дамытуға бағытталуы болып табылады.

9. Пән білім алушыларды дәстүрлі оқытуға, әр білім алушыға жеке-сараланған тәсілмен келуді, көркемдік-бейнелі ойлауын дамытуға, балалардың рухани және мәдени құндылықтарды меңгеруіне, бейнелеу өнері саласындағы дарынды балаларды анықтауға бағдарланған.

10. Педагог оқу міндеттерін белгілеудегі икемділік, әр баланы оқыту стратегиясын қалыптастыру мүмкіндіктері есебінен әр білім алушыға жеке тәсілмен келуді іске асыруға жағдай жасайды.

11. Бағдарламаның мақсатына қол жеткізу қағидаттары:

- 1) балалардың табиғи қабілеттерін дамытудағы біртіндеушілік;
- 2) көркемдік шығармашылықтың даму ерекшеліктерін меңгерудегі қатаң жүйелілік;
- 3) сабақтардың жүйелілігі және ұдайылығы;
- 4) оқу процесінің мақсаттылығы.

12. Бағдарлама өнер мен өмірдің өзара байланыс жүйесі туралы тұтас түсінікті қалыптастыруға жағдай жасайды, балалардың өмірлік тәжірибесін, қоршаған шынайылықтан нақты мысалдарды кеңінен тартуды қарастырады. Бақылау және қоршаған шынайылықты эстетикалық сезіну негізінде жүргізілетін жұмыс балалардың Бағдарлама материалдарын меңгеруінің маңызды шарттары болып табылады.

13. Бағдарлама дарындылығы, дайындығы және жалпы дамуы түрлі деңгейдегі балаларға арналған. Педагог бейнелеу өнері бойынша білімді меңгеруде қолжетімділікке, сатылылыққа және жүйелілікке ерекше көңіл бөледі.

14. Бағдарлама білім алушының жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға ықпал етеді:

- 1) бейнелеу көркемдік қызметі бойынша білімді меңгеруі;
- 2) бейнелеу өнері саласындағы терминдерді меңгеруі;
- 3) оқу материалдарымен жұмыс істеу білігін меңгеруі;
- 4) білім алушылардың шығармашылық қызметі тәжірибесін алуы.

15. Психологиялық-педагогикалық қолдау:

1) білім алушының даралығына сәйкес оның тұлғалық, зияткерлік және әлеуметтік дамуына, өзін өзі кәсіби анықтауына, зияткерлік-тұлғалық мүмкіндіктерін ескере отырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасауға;

2) білім алушының бойында оқуға деген оң уәждемесін қалыптастыруға;

3) білім алушының тұлға ретінде дамуына және өзін өзі жетілдіруіне ықпал ететіндей тұлғаға өзін өзі тануда, олардың өзіне шынайы баға беруіне және нақты өмірлік жағдайларда бейімделуінде, қиын жағдайларды жеңуде және эмоциялық тұрақтылыққа қол жеткізуде көмек көрсетуге;

4) Бағдарламаның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес білім алушыға психологиялық көмек көрсетуге және қолдауға бағытталған.

16. Бағдарлама білім алушының жас және жеке ерекшеліктерін ескереді, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға, негізгі және пәндік құзыреттіліктеріне қол жеткізуге бағытталған.

17. Бағдарламаның әдістемелік негізі:

- 1) тұлғаны қалыптастырудың тұтастық тәсіл тұжырымдамасы;

2) оқытудағы жас, жеке-қызметтік, жеке-сараланған және мәселені зерттеу тәсілдері;

3) заманауи педагогиканың жалпы дидактикалық постулаттары, білім беру процесінің белгіленген мазмұны, формалары және тәсілдері;

4) дамыта оқыту мәнмәтініндегі білім алушының шығармашылық және орындаушылық қабілеттерін дамыту мәселелерін әзірлеу;

5) көрнекті педгогтер мен музыка танушылардың теориялық ережелері және әдістемелік нұсқаулары.

18. Оқу материалының мазмұнын іріктеудің педагогикалық қағидаттары:

1) ғылыми-әдістемелік негіздеме және қолжетімділік қағидаты оқу-тәрбие процесін заманауи педагогикалық және психологиялық ғылымдардың жетістіктері, өнертану теориясы мен тарихы негізінде құруды талап етеді. Педагог дидактиканың ережелерін басшылыққа алады: қарапайымнан күрделіге, жеңілден қиынға, белгіліден белгісізге;

2) жүйелілік қағидаты оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда оқытудың барлық элементтерінің байланысының болуын болжайды;

3) көрнекілік қағидаты – бейнелеу өнерінің мәнін түсінуді қамтамасыз ететін түрлі құралдар мен тәсілдерді қолдану;

4) педагогтің басшылық рөлі кезіндегі саналылық және белсенділік қағидаты ритмика сабағына деген саналы көзқарасты тәрбиелеуді, сабақта білім алушылардың алдына қойған нақты міндеттерді түсінуді қарастырады.

19. «Сурет», «Кескіндеме», «Композиция», «Компьютерлік графика» пәндеріне топтық оқытудың ерекшелігі оқыту әдістерін, құралдарын, формаларын және оқу-әдістемелік кешенін таңдаудың вариативтілігін болжайды.

20. Қойылған міндеттерді орындау үшін қолданылатын оқыту әдістері:

1) ауызша – түсіндіру, қарастыру, талдау;

2) көрнекілік – шығармашылық жұмыстарды, бейне материалдарды қарау, білім алушылардың жалпы даму деңгейін аттыру үшін көрмелерге, мұражайларға бару;

3) практикалық – тұтас шығарманы мұқият пысықтау үшін ұсақ бөліктерге бөлу және кейіннен тұтасты ұйымдастыру;

4) талдау – салыстыру және жалпылау, қисынды ойлауды дамыту;

5) эмоциялық – ассоциацияларды, бейнелерді іріктеу, көркемдік әсерлерді құру.

21. Әдістерді таңдау білім алушының жасына және жеке ерекшеліктеріне, физикалық қабілеттері, көркемдік қабілеттерінің даму деңгейіне байланысты болады.

22. Педагог заманауи өнер мектебінде Бағдарламаны іске асыруда интерактивті білім беру технологияларын, сабақтардың классикалық және дәстүрлі емес түрлерін қолданады.

23. Педагогтің білім алушылармен топтық жүргізетін сабақтары сыныптағы оқу-тәрбие жұмысының негізгі формасы болып табылады.

24. Сабақ жоспары бір уақытта жүргізілетін теориялық және практикалық сабақтардан құралады.

25. Жұмыстың сабақтан тыс түрлері:

- 1) тақырыптық көрмелерге бару;
- 2) өнер туралы фильмдерді қарау;
- 3) мұражайларға, суретшілердің шеберханаларына бару;
- 4) байқауларға, балалардың жұмыстарының көрмесіне қатысу.

26. Осы Бағдарлама негізінде педагог білім беру процесін ұйымдастырудың осы сынып үшін ұтымды және барынша тиімді мазмұнын, әдістерін және тәсілдерін анықтайтын оқу жұмыс бағдарламасын әзірлейді. Педагогтің Бағдарламадан өз сыныбындағы білім алушысының дайындық деңгейіне сәйкес келетін тақырыптарды таңдап алуына мүмкіндігі бар.

27. Оқу жұмыс бағдарламасының құрылымдық элементтері:

- 1) титул парағы;
- 2) түсінік хат;
- 3) оқу қызметін жоспарлау;
- 4) оқу процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.

28. Титул парағындағы негізгі мағлұматтар:

- 1) білім беру ұйымының аталуы;
- 2) оқу пәнінің аталуы;
- 3) оқу жұмыс бағдарламасы арнайы әзірленген сыныпты көрсету;
- 4) оқу жұмыс бағдарламасының жұмыс мерзімі (оқу жылы);
- 5) педагог туралы қысқа мағлұмат;
- 6) білім беру ұйымы басшысының оқу жұмыс жоспарын бекіткендігін белгілеуге арналған орын.

29. Түсінік хаттың мазмұны:

- 1) осы Бағдарлама негіздеме ретінде;
- 2) аталған сыныпта пәнді оқыту кезіндегі өзекті педагогикалық мақсат және міндеттер;
- 3) аталған сыныптағы оқыту ерекшеліктері (дамыту, түзету-дамыту, дарынды балалармен жұмыс);
- 4) аталған сыныпта жұмысты ұйымдастырудағы ерекшеліктер мен мәселелер;
- 5) өзгерістердің себептері мен мақсаттылығын нұсқай отырып, бөлек тақырыптық блоктарды (тарауларды) меңгеру мерзімдерін және (немесе) уақытын өзгерту туралы ақпарат.

30. «Оқу қызметін жоспарлау» тарауы білім алушы қызметінің сипатын ерекшелейтін тақырыптық күнтізбелік жоспардан құралады.

31. «Оқу процесін оқу-тақырыптық қамтамасыз ету» тарауының мазмұны:

- 1) білім алушыға арналған танымдық әдебиеттер тізбесі;
- 2) педагогке арналған әдістемелік әдебиеттер тізбесі;
- 3) оқу-көрнекілік құралдардың тізбесі.

32. Педагогтің оқу жұмыс бағдарламасы әдістемелік кеңестің отырысында қарастырылады және білім беру ұйымының басшысы оқу жылы басталғанға дейін бекітеді.

33. Өзіндік сабақтар үнемі және жүйелі түрде жүргізіледі. Жұмыс көлемі балалардың жалпы білім беру бағдарламаларын игеруімен қатар үй тапсырмасына дайындалуға кететін уақыт шығыны ескеріліп анықталады.

Жеке үй тапсырмасы бірнеше кезеңде жүргізіледі, педагогтің ұсынымдарына сәйкес құрылады. Ең алдымен күрделі тапсырмалар пысықталады. Педагог білім алушының ақыл-ой және дене мүмкіндіктерін ескеріп, қандай да бір шығармамен жұмыс істеуге жұмсалатын уақыт көлемін анықтайды.

34. Оқу-шығармашылық мақсат пен міндеттерді құру «Сурет», «Кескіндеме», «Композиция», «Компьютерлік графика» пәндері бойынша баланың білімді қайталауы және жаңа материалдарды бекітуін қарастырады. Тақырыптық жоспарлар пәнаралық байланыс қағидатын сақтай отырып құрылады.

35. Бейіндік сыныпта білім алушының кескіндеме мәдениеті мен техникалық дағдыларының белгілі деңгейі бекітіледі. Кескіндемемен жұмыста педагог басты назарды натурамен жұмыс істеудегі композицияның рөліне аударады.

36. «Сурет», «Кескіндеме», «Композиция», «Компьютерлік графика» пәндерінің пәнаралық байланысы білім алушылардың түрлі көркемдік түсініктерді тұтас түсінуге итермелейді.

46. Бағдарламаны іске асыруды оқыту пәнінің бейініне сәйкес келетін арнайы кәсіби (орта және жоғары) білімі бар педагогикалық кадрлар қамтамасыз етеді.

37. «Сурет» Бағдарламасының мақсаты: бейнелеу сауаты негіздерін оқуға, білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, олардың өзін өзі кәсіби анықтауына жағдай жасау.

38. Бағдарламаның міндеттері:

Оқыту:

1) терминдерді меңгеру;  
2) гипстік капительді, гипстен жасалған геометриялық денелерді, фоны бар және заттары тон бойынша қойылған натюрмортты меңгеру;

3) гипсті геометриялық денелерді салу білімін, білігін және дағдыларын бекіту;

4) адамның бас сүйегін бірнеше қырынан, гипсті адамның бас сүйегін, адамның гипсті анатомиялық фигурасын, адамның анатомиялық басын суреттеуді меңгеру;

5) көлемді, форманы, заттардың нақты конструкциясын, олардың орналасқан планын анықтап материалдылығын, фактурасын жеткізу дағдыларын қалыптасады;

б) натураға қарап және есте сақтауы бойынша қоршаған әлемнің заттарын графикалық құралдармен сауатты бейнелеу білігін дамыту;

7) техникалық және шығармашылық міндеттерді шешу негізінде суретте көркем бейнені құру білігін қалыптастыру;

8) дайындама материалдармен жұмыс істеу дағдысын алу: нобайлармен, суреттемелермен, эскиздермен.

Дамыту:

1) көркемдік-бейнелі ойлауды, көру арқылы есте сақтау жадын, кеңістікті елестетуді, бейнелеу қабілеттерін дамыту;

2) бейнелі ойлауды, көркемдік елестетуді, байқампаздықты, шынайылықты эмоциялық-эстетикалық қабылдауды дамыту;

3) қоршаған ортаның заттарын, көріністерін көркем қабылдау мәдениетін қалыптастыру;

4) суретті суретшінің шығармашылық, дизайнерлік жұмысының шығармашылық қызметі негізінде қарастырып, оған деген байсалды көзқарасты қалыптастыру.

Тәрбиелік:

1) қоршаған әлемді тануға қызығушылықты тәрбиелеу;

2) эстетикалық және көркемдік талғамды тәрбиелеу;

3) рухани дамыған тұлғаны тәрбиелеу, мәдениет құндылықтарына сүйіспеншілік пен құрметті қалыптастыру.

### **3-тарау. Оқыту мазмұны және Бағдарламаны меңгерудегі күтілетін нәтижелер**

39. «Сурет» пәнінің Бағдарлама талаптары:

1) адамның бас сүйегін, адамның гипсті бас сүйегін, адамның гипсті анатомиялық фигурасын, натурщик ер адамның жартылай жалаңаш фигурасын салу дағдылары қалыптасады;

2) білім алушы перспективадағы қарапайым көлемді формаларды салуды, фоны бар және заттар тонға бөлінген гипсті геометриялық денелерден тұратын натюрмортты салуды игереді, гипсті геометриялық денелерді, гипсті капителилерді салу бойынша білімі, білігі және дағдылары бекітіледі.

40. «Сурет» оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Перспективадағы сызықтар мен жазықтықтарды бейнелеу (натураға қарап жұмыс істеу). Көкжиек сызығын және параллель түзулердің қиылысу нүктесін анықтау бойынша жаттығулар.

2-тақырып. Қарапайым көлемді формаларды перспективада бейнелеу. Натурамен жұмыс істеу. Ортаңғы және бұрыштық перспективаның әртүрлі қалыптарында геометриялық денелерді көз деңгейінде үйлестіріп құру. Ортаңғы және бұрыштық перспективаның әртүрлі қалыптарында геометриялық



денелерді көз деңгейінен төмен үйлестіріп құру. Ортаңғы және бұрыштық перспективаның әртүрлі қалыптарында геометриялық денелерді көз деңгейінен жоғары үйлестіріп құру.

3-тақырып. Фонын және заттарды тонға бөле отырып гипсті геометриялық денелерден тұратын натюрмортты салу. Гипсті геометриялық денелерді салу білімін, білігін және дағдыларын бекіту. Заттардың бейнелерін парақ бетінде үйлестіру, форматты таңдау. Суретте перспективаның негізгі ережелерін қолдану. Заттарды жазықтықта сауатты үйлестіру. Сұр фон. Жарық жоғарыдан бір жақ қырынан түсірілген.

4-тақырып. Гипсті капителиді салу (ионикалық, дорикалық ордер). Форманы сәл ғана сәуле мен көлеңкенің үйлесімділігін қоланып құрастыру.

5-тақырып. Көздің деңгейінде адамның бас сүйегін екі қырынан салу. Бас сүйектің пластикалық ерекшеліктері. Бас сүйек перспективасы және үш деңгейлігі, конструкциялық ерекшеліктері. Алдыңғы жақтың және қырдың жазықтығы. Пропорция және симметриялық. Бейнені парақ бетінде үйлестіру. Адамның бас сүйегін бірнеше қырынан салу. Сызықтық – конструктивтік құрылым.

6-тақырып. Адамның анатомиялық бас сүйегінің суреттемесі (экорше) немесе адамның бас сүйегінің анатомиялық кестесімен жұмыс. Сызықтық – конструктивтік құрылым.

7-тақырып. Адамның гипсті бас сүйегін салу. Сызықты – бастың жалпы формасы жеңіл ғана сәуле мен көлеңкенің үйлесімділігімен модельденген конструктивтік құрылымы.

8-тақырып. Адамның бас сүйегінің құрылысымен, адам фигурасының бұлшы еттік құрылысымен танысу, анатомиялық кестелермен жұмыс.

9-тақырып. Адамның гипсті анатомиялық фигурасын салу.

10-тақырып. Адамның гипсті фигурасын салу (Венераның кеуде мүсіні).

11-тақырып. Қол білектерінің гипсті көшірмелерін салу.

12-тақырып. Табандардың гипсті көшірмелерін жасау.

13-тақырып. Натурщик ер адамның жартылай жалаңаш фигурасын салу.

15-тақырып. Емтихан жұмысы. «Адамның қолдарымен жартылай фигурасы» этюд.

41. «Сурет» пәні бойынша Бағдарламаны игеруден күтілетін нәтижелер.

Бейіндік сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) сызықтың, тонның, формалардың пластикасының, суретте дақтар мен штрихтарды салу ерекшеліктерін біледі;

2) түстік үйлесімділік пен колориттің заңдылықтарын біледі;

3) материалда жұмыс істеудің түрлі техникаларын біледі;

4) заттардың формасын, пропорциясын, көлемдерін жеткізу, сәуле мен көлеңкенің үйлесімділігін, перспективалар мен кеңістіктік қатынастарды қолдану дағдыларына ие болады;

5) түспен жұмыс істеу, кеңістіктік-әуе ортасы жағдайындағы түстік қатынастарды жеткізу дағдыларына ие болады;

6) есте сақтауы бойынша натурамен жұмыс істей алады;

7) пропорцияларды және сәуле мен көлеңкенің үйлесімділік қатынасын анықтай алады;

8) бейнеленетін заттар мен беттердің фактурасын жеткізе алады;

9) сызықтық және әуе перспективалары бойынша білімін қолдана алады;

10) қойылым мен бейненің жалпы тондық құрылымын талдай алады;

11) маталардың негізгі түрлері мен қатпарларының формаларын модельдеу қағидаттарын біледі;

12) форма мен кеңістікті қабылдау дағдыларын меңгереді;

13) адамның басын сала алады;

14) киімдегі адамның фигурасын сала алады;

15) заттың бөлшектерінің конструкциясын және заттың материалдылығын жеткізе алады;

16) қалыптасқан дағдылары негізінде күрделендірілген кеңістіктік шешімде қойылымдарды бейнелей алады;

17) заттардың әсемдігін көре алады, суретте өзінің эмоциялық көзқарасын жеткізе алады;

18) қойылымның көркемдік-графикалық бейнесін құру үшін өзінің ойын іске асыра алады.

42. «Кескіндеме» Бағдарламасының мақсаты: кескіндемелік сауат білімін және практикалық дағдыларын алуға, білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға. олардың өзін өзі кәсіби анықтауына жағдай жасау.

43. Бағдарламаның міндеттері:

Оқыту:

1) кескіндемені майлы бояулармен орындау техникасын, мастихин қолданылатын кескіндеме техникасын меңгеру;

2) натюрмортта заттардың материалдылығын жеткізудің практикалық дағдыларын меңгеру;

3) қиғаш сызықтардан құралған тұрмыстық заттардан натюрмортты салуды меңгеру;

5) натюрмортты адамның гипсті басынан, натурщиктің иық тұсынан бастап басының этюдін, «Венераның» кеуде мүсіні бейнеленген тақырыптық натюрмортты салуды меңгереді.

Дамыту:

1) жеке ой-өрісін және бейнелеу техникалық тәсілдерінде бағдарлана алу білігін дамыту;

2) түс арқылы кеңістік пен форманы жеткізу білімін, білігін және дағдыларын қалыптастыру;

3) заттардың түстік және тондық қатынастарының кереғарлығын бейнелеу дағдыларын бекіту;

4) эстетикалық қабілеттерін және табиғаттағы және өмірдегі әсемдікті қабылдау қажеттіліктерін дамыту.

Тәрбиелік:

1) көркемдік талғамды және көркемдік қызметке деген шығармашылық көзқарасты тәрбиелеу;

2) көркемдік мәдениеттің әлемдік және отандық үздік үлгілері негізінде тұлғаны дамыту;

3) білім алушының шығармашылық маңыздануы және кәсіби бағдарлануы.

44. «Кескіндеме» пәнінің Бағдарлама талаптары:

1) орындауға қойылатын талаптардың жоғарылығымен натюрмортті орындау, натюрморттардың тақырыптық сипаты болады және үстелдегі немесе едендегі қатпарланған матаның фонына қойылады, қойлымдардағы заттардың саны төртке дейін ұзартылады;

2) кеңістіктік қатынасты, қойылымның жарығын ескеріп, заттардың көлемі мен материалдылығын жеткізуде максималды аяқталғандықты талап етіледі;

3) түс арқылы заттардың сапалы сипаттарын жеткізу білігін, түсті сауатты басқару, натюрморттағы кеңістік пен тереңдікті шешу қалыптасады.

45. «Кескіндеме» оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Майлы кескіндеменің материалдары және техникасы. Майлы бояуларды араластыру бойынша жаттығулар және бояуды жағу техникасы: кара-ақ қоспалар (гризайль); негізгі түстерден алынатын қоспалар.

2-тақырып. Гризайль (май) техникасында формасы және бояуы қарапайым екі-үш заттан құратын натюрморттың этюді.

3-тақырып. Әртүрлі материалдардан жасалған заттардан тұратын натюрморттың этюді: ағаш, шыны, метал, гипс және сол сияқты. Әртүрлі қалыптағы екі-үш этюд. Материал: май, кенеп, картон, қылқаламдар, мастихин.

4-тақырып. Формасы мен материалы бойынша әртүрлі, бейтарап фондағы түстері бойынша кереғар үш-төрт заттан тұратын натюрморт. Форматы 40x50. Материалы: май, кенеп, картон, қылқаламдар.

5-тақырып. Мастихинмен жұмыс істеу техникасын зерделеу. Мастихин техникасында жаттығуларды орындау (алма, саптыаяқ және сол сияқты), А 4 (11 формат) форматы. Кенеп, картон.

6-тақырып. Мастихинмен жеңіл формадағы қарапайым заттардан құрылған натюрморт, 2-3 мата, А4 форматы (11 формат). Кенеп, картон.

7-тақырып. Мастихинмен орындалған ұлттық стильдегі натюрморт. Форматы 40x50 см, май, мастихин, кенеп, картон.

8-тақырып. Белгілі түстегі кереғар фонда орналасқан 2-3 заттан тұратын гипсті бас пен бетперде натюрмортты. Форматы 50x60. Материалы: май, кенеп, қылқалам, мастихин.

9-тақырып. Натущиктің иық белдеуіне дейінгі бастың этюдi (гризайль). Өлшемі 30x40, 12 форматы, май.

10-тақырып. «Венераның» кеуде мүсіні бейнеленген тақырыптық натюрморт (интерьердегі өнердің бұйымдары). Өлшемі 50x60, кенеп, май.

11-тақырып. Ұлттық костюмдегі фигура (этиюд) немесе тақырыптық қойылым. Өлшемі 55x65 см, картон немесе кенеп, май.

12-тақырып. Емтихан жұмысы: натюрморт. Өлшемі 55x65, кенеп, май.

46. «Кескіндеме» пәні бойынша Бағдарламаны игеруден күтілетін нәтижелер.

Бейіндік сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) гризайль техникасында формасы және реңкі қарапайым екі-үш заттан тұратын натюрморттың этюдін сала алады;

2) әртүрлі материалдардан жасалған екі-үш, үш-төрт заттан тұратын натюрморттың этюдін, әртүрлі қалыпта орнасқан этюдтерді сала алады;

3) формасы және материалы бойынша әртүрлі, бейтарап фондағы түсі бойынша кереғар үш-төрт заттан тұратын натюрмортты сала алады;

4) заттардың фактурасын жеткізу үшін қылқаламдарды және мастихинді қолдана алады;

5) мастихинмен жеңіл формадағы қарапайым заттардан тұратын натюрмортты, ұлттық нақыштағы натюрмортты сала алады;

6) майлы кескіндеменің технологиясын, техникасын, кескіндеме жұмыс істеудің ретін (алғашқы бояулардан аяқтау кезеңіне дейін) біледі;

7) күрделі түстерді алу үшін бояуларды механикалық араластыру дағдыларына ие болады;

8) кескіндемелік шығармаларды колориттік тұрғыда талдай алады;

9) акварельді және гуашь бояуларымен, түрлі түсті қарындаштармен немесе пастельмен натураға қарап, есте сақтау жады бойынша және елестетіп сала алады;

10) сәуле мен көлеңкенің үйлесімділігі арқылы заттардың формаларының сипаттық ерекшеліктерін жеткізе алады және түстің жарықтың түсуіне байланысты болатындығын түсінеді;

11) кескіндемедегі колориттік тұтастыққа қол жеткізе алады;

12) композицияның, тұстанудың, сызықтық және әуе перспективаларының заңдарын қолдану бойынша дағдыларға ие болады;

13) шығармашылық жұмыстарда бейнелі және кескіндемелі-пластикалық шешімдерді аша алады;

14) сурет пен кескіндеменің бейнелеу-мәнерлік құралдарын қолдана алады;

15) әртүрлі көркемдік материалдар мен техниканы қолданады.

47. «Композиция» Бағдарламасының мақсаты: композицияның дәстүрлі базалық заңдарын үйрету арқылы білім алушы тұлғасының көркем-эстетикалық дамуына жағдай жасау.

## 48. Бағдарламаның міндеттері:

## Оқыту:

- 1) қаріппен, эскизделген қаріппен, әріп элементтерімен, жазбалармен, қаріпке қойылатын негізгі талаптармен танысу;
- 2) кітап графикасымен, қаріптік композицияны қолданып мұқабаның эскизін, иллюстарциялық-қаріптік плакаттың эскизін құрумен танысу;
- 3) композицияның негізгі элементтері, көркем форманы құру заңдылықтары туралы білімді кеңейту;
- 4) дайындама материалдарды жинау және жүйелеу қағидаттарына және шығармашылық ойды іске асыруда оларды қолдануға оқыту;
- 5) композиция бойынша жұмыс істеу дағдыларын меңгеру;
- 6) композициялық жұмыстарда композицияның мәнерлік құралдары арқылы алған білідерін қолдану: ритм, сызықтар, сұлба, үндестілік, үндестілік пластикасы, түс, кереғарлық;
- 7) кескіндеменің құралдарын, кескіндеменің бейнелеу-мәнерлік мүмкіндіктерін қолдану дағдыларын меңгеру;
- 8) әр шығармашылық міндетке кескіндемелік-пластикалық шешімдерді таба білу.

## Дамыту:

- 1) бейнелі ойлауды, шынайылықты шығармашылықпен қайта түсіну дағдыларын дамыту;
- 2) елестетуді, қиялды, көркемдік байқампаздықты, дербестікті дамыту;
- 3) композиция тілінің көркемдік-мәнерлік ерекшеліктерін түсінуді дамыту;
- 4) әртүрлі техникада әр түрлі материалдармен жұмыс істеу техникасын дамыту.

## Тәрбиелік:

- 1) шынайылықты үйлесімді қабылдау сезімін тәрбиелеу;
- 2) көркемдік талғамды және стиль сезімін тәрбиелеу;
- 3) тұтас, үйлесімді, дарынды тұлғаны тәрбиелеу;
- 4) өзін өзі анықтауда және болашақ мамандықты таңдауда психологиялық көмек көрсету.

## 49. «Композиция» пәнінің Бағдарлама талаптары:

- 1) композицияның негізгі элементтері, көркем форманы құрудың заңдылықтары туралы білімдерін кеңейту әрі қарай жалғастырылады;
- 2) білім алушы кітап графикасы негіздерімен, безендіру жұмыстарының ерекшеліктерімен танысады, плакаттың иллюстартивті-қаріптік эскизін салу дағдыларын меңгереді.

## 50. «Композиция» оқу пәнінің мазмұны.

## Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Кіріспе сабақ. Платкаттық қаламұшпен жазу техникасы бойынша алғашқы жаттығулар.

2-тақырып. Салынған қаріптер.

Қаріпке қойылатын негізгі талаптар. Миллиметрлік қағаздарға арналған жаттығулар.

3-тақырып. Эскизделген қаріппен, трафареттермен танысу.

4-тақырып. Әріптердің элементтері.

Жазбалар. Барлық элементтерді ескере отырып, плакаттық қылқаламдармен жаттықтыру жаттығулары.

5-тақырып. Қаріптің тарихынан қысқаша мәліметтері.

Латын және орыс қаріптері. Плакаттық қаламұшпен орындалатын жаттығулар.

6-тақырып. Кітап графикасындағы қаріптік композиция.

Кітап графикасы. Кітап мұқабасының эскизі. Кітап мұқабасының эскизін салу.

7-тақырып. Плакат өнері.

Иллюстративті-қаріптік плакаттың эскизі: саяси, экологиялық, жарнамалық, театр, цирк афишасы және сол сияқты. Плакаттың эскизімен жұмыс.

8-тақырып. Өндірістік графиканың негіздері.

Планшеттерде эскиздерді құру – бір ахроматикалық статикалық композицияның түпнұсқасы. Планшетте эскизді құру (бір ахроматикалық динамикалық композицияның түпнұсқасы). Планшетте композицияның эскизін құру (бір ахроматикалық динамикалық композицияның түпнұсқасы);

9-тақырып. Портрет.

Адамның бейнесінің шығармашылық негіздері. Шығармашылық портретті құру (портрет-картина). Белдік бейне. Жарты фигура. Фигура.

10-тақырып. Натюрморттың композициясы.

Тақырыптық натюрморт. Болжамды тақырыптар: «Менің мамандығым», «Демалыс», «Нан, молшылық», «Мереке», «Адам және оның әлемі».

51. «Композиция» пәні бойынша Бағдарламаны игеруден күтілетін нәтижелер.

Бейндік сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) эскиздегі өндірістік графиканың негіздерін біледі;
- 2) бейнені композициялық үйлестірудің заң және ереже негіздерін біледі;
- 3) қаріптік жұмысты орындаудың ережелерін біледі және қолданады;
- 4) шығармашылық жұмыстың әдістемелік ретін біледі және сақтайды;
- 5) әртүрлі гарфикалық жіне кескіндемелік техниканы, көркемдік материалмен жұмыстың техникалық тәсілдерін бәледі;
- 6) табиғи материалдардан тұратын натюрмортты құра алады;
- 7) композицияның барлық заңдарын біледі және қолданады;
- 8) өзінің болашақ композициясын орындау үшін материалдар мен техниканы өз бетінше таңдайды;
- 9) ритм, сызық, сұлба, үндестілік, тондық пластика, түс, композициялық жұмыстардағы кереғарлы туралы білімдерін қолданады;

10) әрбір шығармашылық міндет үшін кескіндемелік-пластикалық шешімдер таба алады.

52. «Компьютерлік графика» бағдарламасының мақсаты: компьютерлік графика және дизайн құралдарымен тұлғаны шығармашылық дамытуға жағдай жасау.

53. Бағдарламаның міндеттері:

1) пән бойынша теориялық білімді меңгеру, алған білім, білік және дағдыларын практикада қолдану;

2) компьютерлі графика және дизайн құралдарын меңгеру арқылы визуалды бейнелерді құру қағидаттарын, ережелері мен тәсілдерін меңгеру;

3) компьютерлік сурет салу құралдарына және оларды шығармашылық өзін өзі танытуына үйрету;

4) графикалық дизайн тілін, оның ерекшеліктерін оқыту.

Дамыту:

1) техникалық дағдыларды, дизайнерлі білікті дамыту;

2) білім алушының жаңа технологиялық ортадағы көркемдік-практикалық дағдыларын дамыту;

3) көркем-орындаушылыққа және жобалық қызметке қабілетін дамыту;

4) білім алушының визуалды мәдениетті, кеңістіктік елестетуін, көркемдік және ассоциативті ойлауын, эстетикалық тәжірибесін дамыту.

Тәрбиелік:

1) компьютерді меңгеру арқылы өзін өзі танытуға және оның көмегімен жасампаздық қызмет атқаруға талпынуын тәрбиелеу;

2) компьютердегі жұмысының нәтижесі үшін жеке жауаптылығын тәрбиелеу.

54. «Компьютерлік графика» пәнінің Бағдарлама талаптары:

1) білім алушы 3D-Max технологиясын, көрінетін терезелердің конфигурациясын, түрлерді басқаруды, өлшем бірліктердің; «Жасау»/«Create», «Өзгерту»/«Modify» белгілерін, негізгі объектілердің белгілерін (примитивтер және кеңейтілген примитивтер); командалар және объектілерде жүргізілетін операцияларды - «Объектілерді ерекшелу»/«Select object», «Тізімдегі объектілерді белгілеу»/«Select By Name», «Ауыстыру»/«Select and Move», «Айналдыру»/ «Select and Rotate», «Көру»/«Isolate», «Объектілерді қатыру»/«Lock», «Объектілерді көшіру»/«Сору», «Объектілерді топқа біріктіру»/ «Group», «Арту»/«Merge»; қарапайым модельдеуді, қисынды операцияларды, стандартты емес геометриялық фигураларды құруды меңгереді;

2) қарапайым модельдеуді, сплайндарды, «Түйісуі бойынша құру»/«Loft», модификаторларды «Айналдыру»/«Lathe», «Сығу»/«Extrude», «Nurbs қисықтары»/«NURBS Curves», «Сыртқы қабы»/«Shell», «Топ»/«Lattice», «Бүгу»/«Bend», «Еріту»/«Melt», «Бұрау»/«Twist», «Желіні тегістеу»/«Smooth», «Симметрия»/«Symmetry», материалдар редакторін, стандартты материалдарды, текстуралық картаны, «Карта OCM»/«UVW Map», жарықтың

түрлерін, түсті бекітуді, жарықтандыру күшін, көлеңкелерді бапқа келтіру, камераны құру және баптау, камераны ауыстыру, көріністі визуалдауды баптау.

55. «Компьютерная графика» оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жсопарлау.

1-тақырып. 3D-Мах технологиясына кіріспе. Жұмыс аймағымен танысу. Көрінетін терезелердің конфигурациясы. Объектіредің көрінетін терезелерде бейнеленуі. Түрлерді басқару. Өлшем бірлік. Білім алушыны бағдарламаның графикалық ортасынаенгізу.

3D-Мах технологиясын кіріспе. Жұмыс аймағымен танысу. «Құру» белгісі. «Өлгерту» белгісі. Объектілерді ерекшелеу. Объектілерді басқару. Бағдарламаны құрал-саймандарын таныстыру. Шәугімді салу, «Құру»/«Create», «Өзгерту»/«Modify» белгілері арқылы суретке өзгерістер, толықтырулар енгізу.

2-тақырып. Командалар және объектілердегі операциялар. Объектілерді клондау. Объектілерді топқа біріктіру. Дайын объектілерді импорттау, экспорттау. «Жүктеу»/«Merge» командасы. Көшіруді, клондауды, объектілерді топтастыру.

3-тақырып. Қарапайым модельдеу. Қисынды операциялар. Стандарттылар негізінде құрамдас объектілерді алу тәсілдері. Стандартты емес геометриялық объектілерді құру.

Қарапайым модельдеу. Қисынды операциялар дағдысын практикада бекіту. Қисынды операциялар арқылы ұсынылған геометриялық фигураларды жасау.

Қарапайым модельдеу. Сплайндар. «Формалар»/«Shapes» бөлімі. «Loft» құрамдас объект. Сплайндық модельдеуді үйрену және әрі қарай «Loft» объектсіні құру.

Қарапайым модельдеу. Сплайндар. «Формалар»/«Shapes» бөлімі. «Айналдыру»/«Lathe» модификаторы. Қолдану нұсқалары. Сплайндық модельдеуді үйрену және әрі қарай «Айналдыру»/«Lathe» объектсіні құру.

Қарапайым модельдеу. Сплайндар. «Формалар»/«Shapes» бөлімі. модификаторы. Қолдану нұсқалары. Сплайндық модельдеуді үйрену және әрі қарай «Езу» объектсіні құру.

Қарапайым модельдеу Nurbs қисықтары. «Формалар»/«Shapes» бөлімі. Nurbs қисығы түсінігі. Матаны жасаудың қарапайым тәсілі. Перденің тігінен ілініп тұрған матасын жасау.

Қарапайым модельдеу. Nurbs қисықтары. «Формалар»/«Shapes» бөлімі. Орамалды, дастарханды модельдеуде «Nurbs қисығы» техникасын қолдану нұсқасы. Материалдардың алуан түрлерін модельдеу.

Қарапайым модельдеу. Модификаторлар. Модификаторларды зерделеу: сүйеніш, тор. Практикада қолдану нұсқалары. Модификаторларды қолдану.

Қарапайым модельдеу. Модификаторлар. Модификаторларды зерделеу: бұгу, еріту, бұрау, желіні тегістеу. Практикада қолданылатын нұсқалары. Дайын объектілерде модификаторларды қолдану.



Қарапайым модельдеу. Практикум. Модельдеу тәсілдері бойынша объектілерді талдау. Үстелге арналған эскизді әзірлеу.

Қарапайым модельдеу. Практикум. Қарапайым модельдеу білімін және білігін бекіту. Үстелді, дастарханды, орындықтарды модельдеу.

Қарапайым модельдеу. Білім мен білікті дамыту. Жайылған үстелді модельдеу.

4-тақырып. Материалдар. Материалдар редакторы. Стандартты материалдардың негізгі баптаулары. Материалды түсіну.

Материалдар. Материалдар редакторы. Дайын материалдар. «Карта ОСМ» /«UVW Map» модификаторлары.

Материалдар. Материалдар редакторы. Текстуралық карталарды қолдану. Материалды өз бетінше жасау. Карталарды қолдану тәсілі және баптау.

Материалдар. Графикалық редакторларда өздерінің жеке текстуралық карталарын жасау. Растрлық графикалық редакторларда тігіссіз материалдарды жасау.

5-тақырып. Жарық және камера. Жарықтың түрлері. Түсті, жарық күшін, көлеңкені бекіту. 3D-Мах-тағы жарық түсінігі. Жарық көздерін құру, әрі қарай күйге келтіру.

Жарық және камера. Баптау. Орнын ауыстыру. Камераларды ауыстыру. Камераны құру және баптау.

6-тақырып. Визуалдау. 3D-Мах-тағы визуалдау түсінігі. Визуалдауды баптау. Шығарудың өлшемдерін өзгерту. Сақтау жолы. Көріністі визуалдауды баптау.

Визуалдау. Практикум. Интерьерді текстуралау, жарықтандыру, визуалдау негіздерін зерделеу. Әзірленген үстелге текстураны салу. Көрініске жарық беру. Визуалдау.

7-тақырып. Қорытынды жоба. Идеяларды әзірлеу. Эскиз. Кезеңдерді жоспарлау. Таңдалған стильде бөлменің эскизін әзірлеу.

Қорытынды жоба. Идеяны әзірлеу. Интерьердің бөлшектерінің эскизі. Комнатаның стиліне сәйкес келетін интерьердің бөлшектерінің эскиздерін әзірлеу.

Қорытынды жоба. Өлшемдері бойынша ғимаратты үлгілеу. Көріністі үлгілеу. Көріністі модельдеу. Өлшем бірліктерді қою. Ғимаратты модельдеу.

Қорытынды жоба. Ғимараттың безендіру элементтерін модельдеу. Жақтауларды, терезелерді, қия беттерін, есіктерді модельдеу.

Қорытынды жоба. Жихаздарды модельдеу. Сөрелерді, дивандарды, үстелдерді, орындықтарды модельдеу.

Қорытынды жоба. Безендірулерді модельдеу. Камераны орнату және күйге келтіру. Шамдардың, картиналардың, құмыралардың, мүсіншелердің эскизін құру.

Қорытынды жоба. Сахнаны текстуралау. Барлық объектілерге арналған текстураны әзірлеу және түсіру.

Қорытынды жоба. Жарықты модельдеу. Жарықты орнату. Жарықты орнату және күйге келтіру.

Қорытынды жоба. Көріністің барлық элементтерін, кезеңдерін тексеру. Визуальдаудың өлшемдерін бекіту.

Қорытынды жоба. Көріністі визуалдау. Растрлық редакторда бейнені сақтау және модельдеу.

56. «Компьютерлік графика» пәні бойынша Бағдарламаны игеруден күтілетін нәтижелер.

«Компьютерлік графика» пәні бойынша бейіндік сыныпта оқу жылының ішінде білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) 3D-Мах бағдарламасының графикалық ортасын біледі;
- 2) шығармашылық жобаларды орындау кезінде «кұру», «өзгерту» белгілерін біледі;
- 3) қарапайым объектілерді құрады, өзгертеді, көшіреді, клондайды, топтастырады;
- 4) стандартты және стандарттық емес геометриялық объектілер негізінде құрамдас объектілерді алу тәсілін біледі;
- 5) қисынды операциялардың көмегімен ұсынылған геометриялық фигураны құрады;
- 6) әрі қарай «Loft», «Айналу», «Сығу» объектілерін құратындай сплайндық модельдеуді біледі;
- 7) маталардың алуан түрлерін үлгілеуде «Nurbs қисықтары» техникасын қолдануды біледі;
- 8) модификаторларды және оларды практикада қолдану нұсқаларын біледі;
- 9) растрлық графикалық редакторларда тігіссіз материалдарды құрады;
- 10) текстуралау, сәуле түсіру, 3D-Мах визуалдау дағдыларына ие болады;
- 11) бөлменің эскизін дайындайды (идеяны әзірлеу, кезеңдерді, бөлшектерді жоспарлау, өлшем бірлікті бекіту, өлшемдері бойынша ғимаратты модельдеу, жақтауларды, терезелерді, құламаларды, есіктерді модельдеу, сөрелерді, үстелдерді, орындықтарды модельдеу, сәндеуді модельдеу, шамдарды, картиналарды, құмыраларды, мүсіншені модельдеу, жарықты бекіту және күйге келтіру, визуалдаудың өлшемдерін бекіту);
- 12) растрлық редакторде бейнелерді модельдеу және сақтау;
- 13) графикалық бейнелермен жұмыстың заманауи компьютерлік технологиялары саласындағы ақпараттық мәдениетті қалыптастырады;
- 14) компьютерге, шығармашылық, жасампаздыққа, өз қажеттіліктерін іске асыру үшін қажетті құрал ретінде қараудағы өз қызметін талдайды;
- 15) әрі қарай практикалық қызметті жүргізуге қажетті білім мен практикалық дағдыларға ие болады;
- 16) графикалық ақпаратты өңдеудің заманауи компьютерлік әдістеріне ие болады;

17) компьютерлік өңдеу, графикалық ақпарат саласындағы практикалық білімді өз бетінше алу дағдыларына ие болады;

18) өзінің жеке графикалық жобаларын әзірлейді;

19) графикалық планшетпен жұмыс істей алады.

57. Бағдарламаны игеруден күтілетін нәтижелер.

Түлек:

1) тұстанудың, сәулелі әуелік және сызықтық перспективалардың заңдарын;

2) функционалды сауаттың қажетті деңгейін біледі.

Түлек:

1) қойылған міндеттерді өз бетінше шешеді және олады көркемдік іске асырады;

2) натураға қарап және есте сақтауы бойынша қоршаған әлемнің заттарын (объектілерін) сауатты және бейнелі бейнелеуді;

3) композициямен жұмыс істеу кезінде елестетулерін және қиялдарын іске асырады;

4) көркемдік міндеттерді шешу үшін білімін сауатты және түсініп қолданады;

5) қызметтің бірнеше түрін үйлестіреді және оларды сабақтан тыс іс-шараларда қолданады;

б) алған білімдерін практикада қолдануды біледі.

Түлекте:

1) танымдық қызығушылықтары мен қажеттіліктері;

2) көркемдік қызметке деген тұрақты уәждемелері;

3) әртүрлі көркемдік материалдарды, техникаларды және жанрларды меңгеру дағдылары;

4) бейнелеу өнерінің шығармаларын түсініп қабылдау дағдылары;

5) байқауларға, фестивальдерге, көрмелерге қатысу дағдылары;

б) жеке және ұжымдық шығармашылық қызмет дағдылары қалыптасқан.

#### **4-тарау. Оқыту нәтижелерін бағалау өлшемдері**

58. Үлгерімді бақылаудың мақсаты білім алушының Бағдарламаны игерудегі нәтижелілігін анықтау болып табылады. Білім алушылардың Бағдарламаны игеруін бақылау емтихан түрінде іске асырылады.

Аттестаттау формасы және білім алушылардың жұмыстарына қойылатын бақылау-бағдарламалық талаптары:

1) бірінші тоқсанда – «Сурет» пәні бойынша емтихан («Қолдары бейнеленген адамның жартылай фигурасы» этюдi);

2) екінші тоқсанда – «Кескіндеме» пәні бойынша емтихан (қорытынды жоба «Натюрморт». Жобаның тақырыбы білім алушының таңдауы бойынша. Өлшемі 55x65, кенеп, майлы бояу);

3) үшінші тоқсанда – «Компьютерлік графика» пәні бойынша емтихан (білім алушының таңдауы бойынша қорытынды жоба);

4) төртінші тоқсанда – «Композиция» пәні бойынша емтихан (білім алушының таңдауы бойынша қорытынды жоба «Натюрморт композициясы»). Жобаның тақырыбы.

72. Көркемдік білім беруде оқыту нәтижелерін бақылау өлшемшарттары пән бойынша ағымдық үлгерім нәтижелерінен және байқаулардан және көрмелерден алған бағаларынан тұрады.

Бағалау өлшемшарттары:

1) «5» «өте жақсы» бағасы – этюдпен өз бетінше жұмыс істеуі, жұмыстың тұтастығы, аяқталуы максималды деңгейдегі заттардың көлемі мен материалдылығын жеткізуі, заттардың әртүрлі қашықтықтарда орналасуын жеткізу білігі, қойылымның көркемдік бейнесін жеткізуі;

2) «4» «жақсы» бағасы – оқу жымысына қойылатыр талаптарды толық орындамауы, жұмысты жүргізу барысында қателіктердің жіберілуі; этюдке түстік өң беруінің жеткіліксіздігі, түспен жұмыс істеудің аяқталмағандығы, кеңістікті жеткізудегі қателіктері;

3) «3» «қанағаттанарлық» бағасы – алған білім, білік және дағдыларын дұрыс қолдана алмауы, жұмысты орындаудағы ұқыпсыздығы, үйлестіруді, этюдті колористикалық өңдеуді аяқтамауы және өрескел қателер жіберуі;

4) «2» «қанағаттанарлық емес» бағасы – оқу жұмысы талаптарының сақтамауы, жұмысты жүргізудегі өрескел қателер.